



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

3(155) 2015

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philology series

№3 (155)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

4-бөлім Раздел 4
Аударма теориясы Теория перевода

<i>Айнабекова Г.Б.</i> Илияс Есенберлиннің «скифтер сағымы» романы аудармасының поэтикасы	262
<i>Ақшолоқова А.Ж., Утемғалиева Н.А., Рскелдиева Д.Б.</i> Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің аударылуы	266
<i>Луговская Е.И., Апекова Р.Н., Махметова Д.М.</i> Некоторые особенности перевода научных текстов	270
<i>Мулдағалиева А.А., Окушева Г.Т.</i> Об особенностях перевода английских модальных глаголов can, could на казахский и русский языки	276

5-бөлім Раздел 5
Мәдениет Культура

<i>Муканов М.Ф.</i> Роль современной архитектуры в синтезе искусств дизайна и гобелена	284
<i>Зейнолла Ж., Шарыпқызы Н., Нуржаева А.</i> «Сахара жібек жолы»-ның қазақ мәдениетінің дамуындағы ерекше орны	290
<i>Таусоғарова А.Қ.</i> Этникалық ақпараттар – этностеростеротиптердің түзілуіне түрткі факторлардың бірі	296
<i>Тойбаева Ж.А., Туякбаева А.Ш.</i> Национальная идея «Мәңгілік ел» и ее духовное наследие	302

6-бөлім Раздел 6
Жас ғалымдар Молодые авторы

<i>Ақышбаева Г.А.</i> К пониманию термина «языковая игра»	310
<i>Абилхайрова Г.</i> Қазақ әдебиетіндегі әскери прозаның қалыптасуы	314
<i>Аболова Г.А.</i> Қ.Б. Сейталиевтің мұраларындағы еңбек арқылы тәрбиелеудің психологиясы	318
<i>Айхынбаева Ұ.Ә.</i> Профессор Қ. Жұбанов және оның 10 принципі негізінде құрастырылған терминологиялық сөздік	324
<i>Аязбаева С.А.</i> Қазақ тілі қосымшаларының морфологиялық вариант жасау моделі	330
<i>Бектасов М.М.</i> Т. Әбдіков шығармашылығындағы кейіпкер болмысы және авторлық концепция	336
<i>Жамбылқызы М.</i> Қазақ және ағылшын фразеологизмдерінің зерттелу тарихы	342
<i>Омарова Ж.</i> Бауыржан Момышұлының «Қурляндия майданы» романындағы портрет пен пейзаж	348
<i>Перкина Н.А.</i> К вопросу об особенностях презентационного типа дискурса сайта (на примере текстов сайтов АО «Народный Банк Казахстана», АО «БТА Банк», АО «Банк ЦентрКредит»)	354
<i>Тайженова Д.М.</i> Қазақ әдеби тілі өміршеңдігінің ғылыми негіздері	360
<i>Шағырбаева А.</i> Көне түрік әдеби жырларына мәтіндік талдау	364
<i>Шаринова А.К.</i> Рекламный текст: стратегия речевого общения и речевые манипуляции	370
<i>Ыдырысбаева Г.У.</i> Шәкәрім өлеңдеріндегі метафораларды танымдық тұрғыда талдау	376

Таусоғарова А.Қ.
**Этникалық ақпараттар –
этностеростереотиптердің
түзілуіне түрткі факторлардың
бірі**

Tausogarova A.K.
**Ethnic information as one of the
factors of the ethnic stereotype
formation**

Таусоғарова А.К.
**Этническая информация
как один из факторов
возникновения
этностеротипов**

Мақалада этникалық ақпараттар этностереотиптердің, оның ішінде, авто- және гетеростереотиптердің пайда болуына, мазмұндық өзгеруіне түрткі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, жалпы БАҚ-тың, этникалық қарым-қатынаста маңызды болып табылатын этникалық ақпараттардың оқырман сана-сезіміне оң және теріс ықпалдары зерттеледі. Бұл тұрғыда этникалық ақпарат қамтылған баспасөз материалына берілген комментарийлер дереккөз ретінде пайдаланылады. Ұлттық дәстүрлер туралы тілдік санада қалыптасқан жағымды стереотиптердің бұзылуына жағымсыз мәлімет қамтылған этникалық ақпараттың әсері нақты мысал негізінде талданылады. Этникалық ақпараттардың оқырмандар санасында қазіргі жаһандану үрдісіне сәйкес моделденуі, жағымсыз этникалық мәліметтің ұлттық емес, қоғамдық мәселе ретінде қабылдануына да орай қазіргі қоғам туралы түсініктердің қалыптасу механизмдері көрсетіледі.

Түйін сөздер: этникалық ақпарат, этностереотиптер, авто- және гетеростереотиптер, сана-сезім, стереотиптердің қалыптасу механизмі, теріс ықпал.

This article considers ethnical information as one of the factors of the formation and content changes of ethnic stereotypes, in particular, autostereotypes and heterostereotypes. Furthermore, it highlights how mass media and ethnical information influence positively and negatively self-consciousness of readers. The ethnical information plays a key role in interethnic relations. As a source material, there are used commentaries for publishing materials which contain ethnical information. The author points out and gives particular examples of how positive stereotypes in language consciousness concerning national traditions can be damaged by ethnical information which contain negative details. Moreover, ethnical information can be modeled in readers' mind in correspondence to modern global tendency. In some cases ethnical negative message can be considered not as a national issue, but as a general social issue.

Key words: ethnic information, ethnic stereotypes, autostereotypes and heterostereotypes, self-consciousness, mechanisms of formation of stereotypes, negative impact.

В статье рассматривается этническая информация как один из факторов возникновения и содержательного изменения этностереотипов, в частности, авто- и гетеростереотипов. Кроме того, рассматриваются важные в межэтнических отношениях положительные и негативные воздействия этнической информации на самосознание читателей.

В этом направлении используются комментарии, данные по материалам прессы, в которых содержится этническая информация.

На конкретных примерах анализируются негативные воздействия этнической информации, содержащей отрицательные сведения, на нарушение ранее сформировавшихся положительных стереотипов о национальных традициях.

Автором определяется моделирование этнической информации в самосознании читателей соответственно тенденциям глобализации, механизмам формирования стереотипов о современном обществе на основе восприятия негативных этнических сведений не как проблема нации, а как проблема всего человечества.

Ключевые слова: этническая информация, этностереотипы, авто- и гетеростереотипы, самосознание, механизмы формирования стереотипов, негативное воздействие.

**ЭТНИКАЛЫҚ
АҚПАРАТТАР – ЭТНОС-
ТЕРОСТЕРЕОТИПТЕР-
ДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ ТҮРТКІ
ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ**

Лнгвомәдени қауымның қоршаған ортамен қарым-қатынасы үдерісінде күнделікті өмірде жиі көрініс тауып, қайталана беретін бір тектес оқиғалардың адам санасында стандартталуы, сызба я ойлау моделі түрінде ықшамдалып, тұжырымдалуы сол объектінің қасиеттері тұрғысындағы оның стандартталған тілдік формасы – стереотипті қалыптастырады. Алайда этникалық стереотиптердің түзілуінде жоғарыда көрсеткеніміздей, күнделікті өмірде жиі көрініс тауып, қайталана беретін бір тектес оқиғалардың адам санасында стандартталуы барлық кезде шарт бола бермейді.

Бұл орайда, БАҚ арқылы таратылатын этникалық ақпараттардың рөлі ерекше. Яғни, қайсы бір оқиға көрінісі түрінде, я дыбыс, дауыс ырғағы немесе сурет, жазбаша формаларда адам санасына келіп түсетін этникалық ақпарат және олардың санадағы бұрыннан бар сол тұрғыдағы образдармен шағылысуы, сондай-ақ пайымдау, эмоциялық үдерістер сияқты психикалық элементтердің өзара ықпалдастығы барысында түрлі әлеуметтік-этникалық стереотиптердің түзілетіні көрсетіледі.

БАҚ-тағы этникалық ақпарат түсінігіне мынандай анықтама беріледі: «БАҚ жарияланымындағы елдер мен халықтар туралы, сондай-ақ ұлттық немесе этникалық салт-дәстүрлер мен ұлттық этникалық құндылықтар туралы, оның ішінде, этникааралық қарым-қатынастар, этникалық саясат, сондай-ақ қазіргі қоғам өмірінің барлық салалары тұрғысындағы (экономика, спорт, медицина, педагогика т.б.) аталмыш этниканың әлеуеті (жетістіктері, кемшіліктері, ерекше қасиеттері, дағдылары) туралы қозғалған сөз» [1, 42].

Сондай-ақ, БАҚ жарияланымдарында «этникалық мифология, тарих, рухани, материалдық мәдениет, басқа да этникалық құндылықтардың әдейі текстуалданып (текстуализируются), айырықша түрде талқыланылып (интерпретация), тұрғындар үшін аса қызық, көкейкесті ақпаратқа айналып, бұқара санасына сіңеді. БАҚ көмегімен идеологтар тарапынан жасалған эмоционалды-нормативтік бояуы бар этникалық образдар, идеялар, идеалдар, мифтер, құндылықтар қоғамға таратылады да, адамдар арасында этникалық намыс, абырой, өкпе-реніш, үрей сияқты сезімдерді тудыратыны айтылады. Қазіргі БАҚ-тың ақпарат көзі ғана емес, сондай-ақ түрлі идеология, саясат, бизнес,

мәдениет өкілдерінің аса маңызды «тартыс» алаңы болып табылатыны көрсетіледі. Сөйтіп, бұқара санасында БАҚ көмегімен этникалықпен байланысты мәселе өзектендіріліп қана қоймай, осы сала тұрғысында идеологтар тарапынан белгіленген түсінік қалыптасатыны айтылады. Ақпаратты қалың бұқараға жеткізуде, бұқара санасына ықпал етудегі БАҚ-тың басты қаруы – тіл, сөз [1, 47].

Күнделікті қайталанатын немесе өзара ұқсас бірнеше құбылыс, оқиғалардың тізбегінде әрбір жеке тұлға санасында сол нәрсенің қалыпқа түсірілген тұжырымдамасы, түсінігі (стереотип) қалыптасады. Қазақстан телеарналарында жаппай белең алған үнді телехикаялары негізінде қалыптасқан аталмыш, яғни үнді телехикаясы этностереотипі мынандай тұжырым, түсініктерді қамтиды: «үнді телехикаяларында әділетсіздік шектен тыс, жауыздық әркез жеңіске жетеді, ал әділ, таза, шыншыл кейіпкерлері иегінің астындағыны көрмейтін ынжық, ез, әлжуаз, кім не айтса соған сенетін, бір сөзбен айтқанда мүмкіндігі шектеулі адам. Жауыз, сұрқия кейіпкерлері ойларына келгенін іске асырып жүре береді. Яғни, ақ пен қараның балансы жоқ».

Яғни, бірнеше үнді телехикаяларын тамашалау барысында ондағы оқиғалар желісі, кейіпкерлер туралы қабылданылған ақпараттар когнитивтік тұрғыдан өңделіп, схема түзеді. Бұдан байқайтынымыз – стереотиптердің қалыптасуында операциялы ақпаратты тану әдісі, адам санасына келіп түсетін және шығатын ақпараттар ағынын ретке келтіретін құрылымдар ретінде тірек етілетін түсініктің қызметі нәтижесінде пайда болатын жағдаят схемасы маңызды орын алады деуге болады. Үнді телехикаяларына тән қасиеттер туралы жоғарыда көрсетілген түсініктер бірекі емес, бірнеше үнді телехикаяларын тамашалағаннан кейін, олардың барлығына ортақ я ұқсас белгілер жиынтығының түзілуіне орай, яғни «санадағы айнымалылармен толығып отыратын тұрақты каркасы бар және бір схеманың басқаларын тірек ету мүмкіндігіне ие схемаға, түсініктер иерархиясына» сәйкес түзілді [2, 129].

Сөйтіп, жеке тұлғалар санасында этностереотиптердің қалыптасып, пайда болуында немесе бұрыннан қалыптасқан жағымды этностереотиптің жағымсыз сипаттарға иеленіп, өзгеруінде тұрмыстағы, өмірлік жағдаяттар ғана емес, масс-медианың да рөлі ерекше екенін көреміз.

Қазір Интернет сайттарында жарияланған этникалық ақпараттар да жеке тұлғалар санасында сол этникалық қауым тұрғысында бұрыннан

бар басқа ақпараттармен ықпалдастықта отырып, интернет оқырмандары тарапынан этникалық ақпаратқа байланысты комментарийлерде түрлі этностереотиптердің бұрынғы руінің негізгі факторы болып табылады. Мысалы, Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласы орай берілген комментарийлерден казакты туралы жағымды және жағымсыз этностереотиптер ағынын көреміз [3].

Бұл тұрғыдағы автостереотиптердің біраз қазақтың мінез-құлық т.б. қасиеттері туралы тілдік санада бұрыннан бар этникалық ақпаратты тірек ету негізінде пайда болған этностереотиптер деуге болады. Мысалы, қазақ халқы туралы бұрыннан қалыптасқан төмендегі жағымсыз автостереотип түсініктері Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласында мына түрде көрініс береді: «казахи – народ, который знает цену слову и веское аргументированное слово может остановить войну, что мы ценим и уважаем своих дочерей. Возможно, наши предки, распевая «Кыс өссе, жердің көркі, қыз өссе, елдің көркі» («Целоты – украшение земли, девушки – страны»), уважали своих дочерей, дорожили ими». Алайда оқырман назарын аударту үшін мақала басында майлы бояулы қаріптермен ерекше бөліп көрсетілген мына сөйлем «на прошлой неделе видео приват-танца обнаженной девушки на казахской свадьбе взбудоражило интернет-пространство Казахстана» мен тұтас мақала мазмұны ұлттық санаға сіңген жоғарыда көрсетілгендей жағымды автостереотиптің белгілі бір дәрежеде өзгеруіне ықпалы болатыны сөзсіз.

Аталмыш мақаладағы этникалық ақпарат тілдік тұлға жадында Абай қарасөздеріне сәйкес қазақ туралы бұрын қалыптасқан автостереотиптермен сәйкестендіріледі. Абай говорил: «Қазақтың басқа жұрттан тілі ұзын»/У казахов по сравнению с другими народами-язык длинный. Және мұны өз тарапынан «пустословие, так называемое, қыртымбайство» деген түрде сараптай келіп, «Автор поднял целый «абаевский» пласт казахских ментальных проблем... На этой свадьбе яркий образчик нашего ментального хвостовства» деген автостереотипті алға тартады, яғни мақтаншақтықты қазақ менталитетіне тән қасиет ретінде таниды.

Аталмыш мақалада «казахская свадьба», яғни қазақ тойы этностереотипі негізгі тірек ұғым ретінде танылады. Өйткені тілдік тұлғалар санасында «Қазақтың тойы», «орыстың тойы», «ұйғырдың тойы» сияқты тіркестердің этносте-

реотиптер түрінде қалыптасқанына мына комменттерден куә боламыз: «стриптиз на казахской свадьбе – это чересчур»; «Стриптиз на казахской свадьбе как-то не вписывается в этот стереотип. Наверное он устарел», «Для казахской свадьбы стол скудноватый однозначно, тем более агашкиной роскоши не видно и на стенах самого заведения», «Был на нескольких десятках казахских тоях, русских (Казахстана), уйгуров и поверьте, разврат и казахстанцы это две параллельные прямые. В то же время находясь на свадьбах в России, ужасаюсь с каждым годом, где она могучая, наследница великого государства, которая должна быть примером?».

Аталмыш этникалық ақпаратқа байланысты берілген бұл комментарийлер тілдік тұлғалардың санасында жағымды сипаттардағы көріністерімен құрылымданатын «қазақтың тойы» түрінде бұрын қалыптасқан этностереотипке мүлде қайшы құбылыс ретінде сарапталған. Ал Интернет сайтында беріліп отырған қазақ тойындағы стриптиз туралы жағымсыз этникалық ақпарат белгілі бір дәрежеде осы жағымды көріністерімен санада құрылымданатын «қазақ тойы» этностереотипінің өзгеруіне алып келуі мүмкін.

Халықтың тілдік санасындағы «қазақтың тойы» этностереотипіне сәйкес қазақ тойында стриптиздің көрсетілуі – жат құбылыс. Енді аталмыш этникалық ақпаратпен таныса келе, оқырман жат құбылыстың қайдан келгеніне ой жүгірте отырып, қазақтың басқа мәдениеттермен араласу барысында, оны танып-түсіну жағдайында өздерін қалай ұстайтыны туралы автостереотиптің қалыптасқанын көреміз: «Біз өте еліктегіш халықпыз», яғни қазақ – еліктегіш.

Сондай-ақ, қазақтардың тілдік санасындағы «мұсылман халқы, қазақ – мұсылман баласы» этностереотипі бойынша ұят, имансыз, қоғамға жат қылықтардан аулақ болу туралы түсінігі қалыптасқан. Ал аталмыш этникалық ақпарат осы қалыптасқан этностереотипке қайшылықты құбылысты өз мазмұнында қамтып, оқырманның «мұсылман халқы, қазақ – мұсылман баласы» этностереотипінің өзгеруіне алып келетінін комментарийде берілген мына риторикалық сұраулы сөйлемнен көреміз: «Осындайды көргенде шынында да ойлайсың – осы қазақ шынында да мұсылман ба?».

Қайрат Матрековтің «Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса?» мақаласындағы этникалық ақпаратқа байланысты комментарийдегі пікірлердің өзара ықпалдастығында туындаған жағымды автостереотиптерді де кез-

дестіреміз: «Казахи очень дружелюбный, доброжелательный, отзывчивый народ». Бұл этностереотип, өз кезегінде, мына түрде уәжделеді: «В трудные минуты -(война, революция, преследование и т. д.) все бегут к казахам всех их приютил казах и многих из Вас тоже».

Жағымсыз мәлімет қамтылған этникалық ақпараттардың, өз кезегінде, сәйкес ұлт өкілдерінің өзіндік этникалық сәйкестендірулеріне, сондай-ақ ұлттық намыстың бой көтеруіне түрткі болатыны мына комменттен аңғарылады: «не говорите плохо о моём народе».

Өз мазмұнында этникалық ақпараттарды қамтыған бұл жарияланым жекелеген ұлт туралы ғана емес, жалпы қоғам туралы да таным-түсініктердің санада құрылымданып, нәтижесінде қазіргі қоғам бейнесі моделінің түзілуіне түрткі болатынын көреміз: «Моральное разложение, духовная нищета являются «духовными скрепами» традиционного общества в 21 веке», «Наше общество погрязло в разврате», «Крайности свидетельствуют о том, что Платок на голову второкласснице или голые танцы на тое – показатель маразмов духовно нищающего и теряющего планку образованности общества».

Тойдағы стриптиз туралы этникалық бояуға ие ақпаратқа сәйкес стриптиздің ұлт я халық болмысына байланысты емес, капиталистік қоғам қоятын талаптар үрдісінде пайда болатыны туралы тілдік тұлға санасындағы мына түсінік «в капиталистическом обществе нет морали, потому что методы зарабатывания денег в таком обществе не вяжутся с моралью ни одной религии, будь то магометанство или христианство» белгілі бір дәрежеде капиталистік жүйенің ерекшелігі, қасиеті туралы стереотиптің түзілуіне негіз болады.

Сондай-ақ, қазіргі жаһандану үдерісіне сәйкес орын алып отырған мәдениетаралық қарым-қатынастардың өркендеуі, мәдениеттердің тоғысу және ажыратылу (интеграция және дифференциация) үрдісі қайсыбір этникалардың өзін қай мәдениетпен сәйкестендіруінде қиындықтар туындатып жатқаны белгілі. Талданылып отырған этникалық ақпаратқа берілген комментарийлерде де осы жағдай мына түрде көрініс берген: «Можем ли мы, казахи, дать утвердительный ответ, что живем разумом, рационально, осмысливаем адекватно действительность?» немесе «казахи не видят для себя четких ориентиров в культурном и ментальном позиционировании. Или потеряли их».

Аталмыш мақала және онда сөз болған қазақ тойындағы жағымсыз көрініске байланысты

комментарийлерде қолданылған «қазақ ерлері» тіркесі белгілі бір деңгейде гендерлік ұлттық стереотип түрінде жағымсыз түсініктерді қамтиды: *казахские мужчины дошли; именно разговоры о возделенном многоженстве и поведение казахских мужчин; под этот припев развращает девчонок.*

Қазақ тойы туралы жағымсыз мәліметті қамтыған этникалық ақпараттың негізінде оқырмандар арасына көрініс берген жағымды автостереотиптер мынандай түсініктерді қамтиды: «казахи вели себя достойно», «мы и не быдло-публика, для которой алкоголь без меры, непристойности и неуважение к старшим – норма. У нас есть Достоинство».

Аталмыш мақалаға берілген комментарийлерде қазақ халқы туралы жағымсыз автостереотиптер мына түсініктерге негізделді: «Ну это как всегда с нашими казахами, всем на все плевать, лишь бы день прошел, как говорится», «Казахи, странный народ. Нам нужно везде перебарщивать, переходить рамки дозволенного», «что сейчас происходит с казахами это просто ужас. Деградация нации налицо и стар и млад ведут себя отвратительно», «казахи и казашки мы лучше, у нас есть ум, красота, гостеприимство мораль, этика так давайте ну будем посмешищем, и будем с гордо поднятой головой воспитывать в себе и в будущем поколении настоящих казахов!!!».

Аталмыш мақаладағы жағымсыз этникалық мәліметтің ықпалында туындаған бұл сияқты автостереотиптер қайсыбір деңгейде ұлт өкілдері сана-сезімінде өз этносы туралы терең кемістік комплексінің пайда болуына, өз этносына деген сенімнің жоғалуына, өз ұлтына көңілі толмаушылардың санының өсуі тұрғысынан ықпал ететінін осы жоғарыда келтірілген комменттерден байқауға болады.

Жағымсыз этникалық ақпараттың басқа ұлттар туралы бұрын қалыптасқан гетеростереотиптерге нұсқау жасауына түрткі болатын жағдайлары комментарийде мына түрде көрініс берген: «Но мы и не быдло-публика, для которой алкоголь без меры, непристойности и неуважение к старшим – норма. У нас есть Достоинство и Отличие от других».

Яғни, этникалық ақпараттар өз ұлтының салт-дәстүрлерін, ұстанымдарын жөн көріп, басқа ұлт ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін ескермеуді немесе оны бұрмалайтын этноцентризм құбылысының орын алуына да түрткі болады.

Автостереотиптердің қалыптасуына қарастырылып отырған комменттердің ішіндегі қазіргі және бұрынғы қазақтар өмір-салты мен

өмірлік мансұқтары туралы салыстырмалы түсініктердің де негіз болатынын болжауға болады. Мысалы, «Раньше казах хвастал: ешкімнің ала жібін аттаған емеспін; теперь принято хвастать тем, что набрал бригаду лохов, которые отработали на совесть объект, заплатил им гроши, зато в ОАЭ, на Мальдивы съездил, отдохнул от гривов «праведных». И чем круче наколол, тем круче отдохнул... А то, что у «лохов» дети остались, голодные и едва ли пойдут в школу – глубоко наплевать. Не будь лохом...».

Бұл қайсыбір этника я ұлт туралы қоғамдағы экономикалық, идеологиялық және рухани мұра раттар сипаттарына қарай ұлттық мінез-құлық, еңбек машығы, адамгершілік қасиеттері, кісілік келбет туралы бұрын қалыптасқан және орнықты деп есептелетін түсініктердің тұрғысынан қарастырылатын автостереотиптерге өзгермені белгінің тән екенін көрсетеді.

Комменттерде орын алған «мы, казахи» немесе «с нашими казахами», «нам», «у нас», «мой народ» сияқты тілдік бірліктер жоғарыда көрсетілген ұлттық стереотиптерді автостереотиптер ретінде қарастыруға түрткі болды.

Талдауға алынып отырылған мақалада «қазақ тойы» стереотипі тұрғысында қазақ халқы туралы жағымды гетеростереотиптер: «казахи – мудрый народ, они сами разберутся», «я казах, не мусульманин, но согласен с Абасом, что девочек надо воспитывать по «Корану»... возможно такого стыда бы и не было...».

Комментарийдегі қазақ халқы туралы бейтарап гетеростереотиптер: «казахи в целом-народ не из скандальных...легче просто плюнуть и отвернуться, либо промолчать, чем ругаться».

Комментарийдегі қазақ халқы туралы жағымсыз гетеростереотиптер: «кочевники – народ потерянный».

Жалпы мақаладағы жағымсыз этникалық мәліметтің ықпалында оқырман санасында қалыптасқан этностереотиптер, сондай-ақ авто- және гетеростереотиптер қарама-қарсылық формасындағы топаралық бөлектенуге түрткі болатынын мына комменттер көрсетіп отыр: «Кузя Прутиков, уж чья бы корова мычала бы! Знаю не понаслышке, и не я один, наверное, как проходят свадьбы «титульного народа» России, аж с совковых времён» – «почему слова вас одного должны быть для меня убедительнее видео, на котором лицезреют стриптиз как минимум 300 человек? они, что, пережиток прошлого? или, как вы, избранный? что-то многовато в одном народе избранных – наверное, вы все такие... жаль, это никак не отражается на развитии Ка-

стана – но, это ведь благодаря вам развивает-
Америка... правда?» – «Кузя Прутков, уж про
Америку помалкивали бы! Видим, до чего «раз-
вистись» КНДР (Ю.Корея – просто «синеет от за-
вети»), Кампучия, Куба, Зимбабве, Эфиопия,
Афганистан, Чечня, Киргизия, Таджикистан, а
сперь и Украина, благодаря вашему «русскому
группу» т. б.

Қорыта келгенде, аталмыш мақаладағы жа-
тымсыз этникалық мәліметтің оқырмандар са-

насында бұрын қалыптасқан жағымды этнос-
тереотиптің жағымсыз сипаттарға иеленіп,
өзгеруіне, қайсыбір деңгейде ұлт өкілдері са-
на-сезімінде өз этносы туралы терең кемістік
комплексінің пайда болуына, өз этносына деген
сенімнің жоғалуына, түрлі этникалық өкілдер
арасында қарама-қарсылық формасындағы то-
паралық бөлектенуге, сондай-ақ өз ұлтына сыни
көзқараспен қарай отырып, оның жетілуі үшін
талпыныстарға түрткі болатынын көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Малькова В. Освещение этничности в СМИ в свете конфликтологии // В кн.: Прикладная конфликтология для жур-
налистов. – М.: Права человека, 2006. – 158 с. – С. 42-67.
- 2 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: Филол.
ф-т МГУ им. М.В. Ломоносова, 1997. – 245 с.
- 3 Матреков К. Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса? <http://365info.kz/tag/kazaxskaya-svadba/>.

References

- 1 Mal'kova V. Osveshchenie ehtnichnosti v SMI v svete konfliktologii // V kn.: Prikladnaya konfliktologiya dlya zhurnal-
istov. – M.: Prava cheloveka, 2006. – 158 s. – S. 42-67.
- 2 Kubryakova E.S., Dem'yankov V.Z., Pankrac YU.G., Luzina L.G. Kratkij slovar' kognitivnyh terminov. – M.: Filol. f-t
MGU im. M.V. Lomonosova, 1997. – 245 s.
- 3 Matrekov K. Striptiz na svad'be: pochemu molchit kazahskaya pressa? <http://365info.kz/tag/kazaxskaya-svadba/>.